

ТУУ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
Л ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

июнь Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Социалистік жарыс айтады: біреулер жұмысты нашар істейді, екінші біреулер жақсы істейді, үшінші біреулері одан да жақсы істейді,—ең жақсыларды қуып жетіп, жалпы өрлеуге жет.

И. СТАЛИН.

Жаңа ік

ени және білім дәліп, советтік ғыл өздерінің практи еңінен қолдануда, ылығының еңбек ениетін арттыру шаруашылығын өр ігін молайта беру ен транспорттың іе жоспарларды н орындау жолына циатива көрсетуде. —маусымды жұ партия, кәсіподақ ымыдарынан социа бе-күн, нақтылы ітіп, социалистік істетіп, еңбекшілер ициативасын дамы талап етіледі. Шар шаруашылық ұйым ыстың барысында заңды түрде туып тарға зер салып, га тиіс. а алынған міндет ырындау күресінде ар мен комсомолд-

Егінді баптап күту

Көк сағызды күту

«Пламя революции» колхозындағы (Полудень ауданы) көксағыз плантациясында еңбек барған сайын қыза түсуде.

М. Брисюк жолдас басқарған көксағыз өсірушілер бригадасы быйылғы жылы көксағыз егісінен мол өнім алуды көздеп, оны күтіп баптау жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Бригада мүшелері көксағыз егісін күтіп, одан мол өнім алу жөнінде бір-бірімен өзара социалистік жарысқа түсіп, көтеріңкі міндеттемелер алған.

Бригада мүшелерінің әрқайсысы көксағыз дақылының әрбір түбіне тыңғылықты күтім жасауда. Көксағыз егілген алаң әлсін-әлсін арам шөптен және басқа да, оның өсуіне кедергі жасайтын зиянды өсімдіктерден тазартылып отырады. Осының нәтижесінде көксағыз кәзіргі уақытта бірыңғай бітік өсіп келеді.

Көксағыз егілген алаңды күтуде А. Зубарева жолдастың звеносы күрделі табыстарға жетуде. Бұл звеноның мүшелері тәулік сайын жұмысты өнімді істеу нәтижесінде өздерінің қарамағындағы участоктердегі көксағыздың бірден жақсы өсуін қамтамасыз етті. Звено көксағызды күту жөніндегі тапсырманы 150 процент етіп, артығымен орындап шықты.

Жемшөп дайындауда озаттарға теңелейік

Жемшөп дайындау ұйымшылдықпен жүргізілуде

Жылма-жыл мал азығының берік қорын жасау нәтижесінде Преснов ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың колхозшылары қоғамдық мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда айтарлықтай табыстарға жетіп келеді. Мұнда, әсіресе, мал қыстан күйлі және шығынсыз шығарылуда. Бұл еңалдымен малды қыстық азықпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етудің нәтижесі.

Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жемшөптің кемінде біржарым жылдық қорын жасау жөніндегі бастамасын жаппай қостап, колхоз мүшелері быйылғы жылы да мал азығын мол дайындауға ұйғарып отыр. Осыған байланысты колхозшылар жемшөп дайындауға үлгілі әзірлік жүргізіп, оны деркесінде бастады. Бұл күндері мұнда шөп шабу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр.

Шөп шабуға шөп машиналары және басқа да құрал-саймандар түгелдей қосылды. Кәзір 2 өздігінен жүретін және 4 тракторға тіркелетін кең алымды шөп

мен шөп шабушылардың қажырлы еңбегін атап айту керек. Мәселен, № 2 піпеншілер бригадасының машинисі А. Сорочкин жолдас ат шөп машинасымен өнімді жұмыс істеп жүр. Ол күндік норманы үнемі 125—130 проценттен кем орындамайды.

Піпеншілердің қажырлы еңбегінің нәтижесінде колхозда қысқа мерзімде 400 гектар шабындықтың пішені шабылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Б(6)П Орталық Комитетінің «1952 жылы колхоздар мен совхоздарда пішен жыйнау, шөп сүрлеу шаралары туралы» қаулысына сәйкес колхоз мүшелері шөп шабу мен шөп жыйнау, маялау жұмыстары арасында алшақтықты болдырмауға жете назар аударып келеді. Кәзіргі уақытта шөп жыйнау және шөп маялау жұмыстары шөп шабумен бірдей жүргізілуде, яғни шөп шабылысымен ілешала шөмелеленіп, маяға салынуда. Осының нәтижесінде 1500 центнер шөп маяға салынды.

—Мал басын өсіріп, оның өнімділігін

Халықтық демократия елдерінде

Қытай халқы М. Горькийді еске түсіруде

ПЕКИН, 18 июнь. (СОТА). Қытай жұртшылығы ұлы пролетарлық жазушы Алексей Максимович Горькийдің қайтыс болғанына 16 жыл толуын кеінен құрметтеп өткізуде.

«Цзиньбджиао» газеті бүгін редакциялық мақаласында Горький өзінің барлық шығармаларында капиталистік қанаушылықты және азғындаған буржуазиялық мәдениетті рақымсыз әшкерелегенін жазды. Горькийдің барлық шығармалары адамзатқа жалынды сүйіспеншіліктің, бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің жеңетіндігіне сеніммен арқауланған. Горький империалистік реакцияшылдарға қарсы, соғыс және фашизм лагерінің күштеріне қарсы рақымсыз күрес жүргізді. Ол бейбітшілікті қорғады, халықтық демократияның ұлы идеяларын насихаттады. Прогрессшіл адамзат, деп жазды қортындысында газет, бүкіл дүние жүзінің халықтары американо-ағылшын империалистерінің агрессиясына қарсы, баянды бейбітшілік үшін күрес жүргізіп жатқан ұлы пролетарлық жазушыны құрметтеп еске түсіріп, бейбітшілік соғысты жеңетіндігіне бұрынғыдан да берік сенеді, Пекинде Тяньзиньде, Циндаода және

шептің кемінде біржарым жылдық қорын жасау, егінді ойдағыдай баптап күту және ауылшаруашылық жылының ең жауапты кезеңі — егін жыйнау мен астық дайындауға тыңғылықты әзірлеу жолындағы социалистік жарысты өрістетіп отыр.

Сол сыяқты, өнеркәсіп орындарының коллективтері социалистік жарысты өрістетіп түсіп, үстіміздегі жылдың екінші жарты жылының өндірістік жоспарларын толық және артығымен орындау, өнімнің сапасын арттыра беру, оның өзіндік бағасын кеміту, шикізатты, материалдарды, отынды, электр қуатын көп үнемдеу, кәсіпорындарының тиімді жұмыс істеуіне жетісу, жоспардан тыс көп қор жыйнау, негізгі және айналмалы қаражаттарды пайдалануды жақсарту үшін күресуде.

Кәзір ауыл шаруашылығында болсын, өнеркәсіп пен транспортта болсын совет

коллектив мүшелерінің социалистік жарысқа белсене қатынасуы, жарыста алған міндеттемелерін мұлтсіз орындауы үшін олардың арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастыру қажет, большевиктік сын мен өзара сынды кең өрісету арқылы жарыстың барысында, жұмыстың түрлі салаларында кездесетін үлкенді-кішілі кемшіліктерді дереу жоюдың жолдарын белгілеп отыру қажет. Партия ұйымдарының барлық ұйымдастыру және саяси-бұқаралық жұмыстары осы мақсатқа бағытталса ғана социалистік жарыстың игі нәтижелер беретіндігі сөзсіз.

Социалистік жарыс — шаруашылықтың барлық салаларында табысқа жетудің негізгі шарты. Ауыл шаруашылығы еңбекшілері мен өнеркәсіп, транспорт қызметкерлері арасында социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетіп, өндірістік жаңа табыстарға жете берейік!

Қазақ ауылдарының қыздары

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Мейрамдағыша әсем киінген қыз емтихан тапсыратын столдың қасында тұр. Қойылған сұрақтың бәрине ол іркілмей байсалды, еркін жауап беруде. Кәмила Бектасова өзінің болашақтағы мамандығын жақсы біледі және жақсы көреді. Бүгінгі күн оның өміріндегі жауапты күн. Ол мемлекеттік емтихан тапсырып тұр.

Бұдан төрт жыл бұрын Кәмила және оның достары Қармақшы ауданының Карл Маркс атындағы колхозында он жылдық мектепті бітірген болатын. Олар сол кездің өзінде педагог болуға ұйғарған. Кәмила сыяқты, Сырымкүл Жілдер-

баева да тіл және әдебиет факультетін тандап алды. Тамшы Оразалиева мен Ақбалым Жалғасова тарих факультетіне түсті. Бұлардың бәрі де быйыл Қызылорданың Н. В. Гоголь атындағы педагогика және мұғалімдер институтын ойдағыдай бітіруде. Институтты бітіретіндердің арасында тарих факультетінің студенті, үздік оқушы, қалалық Советтің депутаты Кәмила Қарабалаева бар.

Қызылорданың педагогика және мұғалімдер институтында 164 қазақ қызы оқыйды. Мұның ішінен 40 студент қыз быйыл оқуын бітіріп, диплом алады.

Қазақстанның оңтүстігінде егін жыйнау басталды

САРЫАҒАШ. (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). «Дарбаза» совхозының дөңді егісі Сарыағаш даласының ондаған мың гектар жерін алып жатыр. Бітік шыққан бидай жайқалып, ауыр масығы төмен қарай иіліп тұр. Арпаның бойы адамның белуарынан келеді.

Кеше лабогрейкалар күздік арпаны оруға шықты. Олар комбайнға жол салды. Бүгін таңсәріде төрт комбайн бірінші рет арпа жыйнауға шықты. Совхоздың механизаторлары егістің әр гектарынап 100 пұттан астық алуда.



ТУҒАН елі

„Марксизм және тіл білімі мәселелері“

ССРО Ғылым академиясының бірқатар институттарында Ғылыми советтердің И. В. Сталин жолдастың «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген данышандық еңбегінің жарыққа шыққанына екі жыл толуына арналған кеңейтілген мәжілістері өткізілуде.

19 июньде ССРО Ғылым академиясының тіл білімі институты Ғылыми советінің кеңейтілген мәжілісінің жалғасы болды. Баяндамаларда тіл туралы сталиндік ілім негізінде екі жыл ішінде жүргізілген зерттеулердің қорытындылары көрсетілуде.

Сол сыяқты, ССРО Ғылым академиясының философия институты Ғылыми советінің мәжілісі болып өтті.

Сонымен қатар, материалдық мәдениет тарихи институты Ғылыми советінің де кеңейтілген мәжілісі болды. (СОТА).

ШАХТЕР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

КЕМЕРОВО, 18 июнь. (СОТА). Кузбастың шахталарында шахтер күнін лайықты қарсы алу жолындағы жарыс басталды.

«Ленинголь» тресінің «Полисаевская» шахтасының коллективі қажырлы еңбек етуде. Бұл коллектив тек июнь айының өзінде тапсырмадан тыс 6 эшелонға жуық отын жөнелтті. Черкасский жолдас басқарған № 5 комбайн участогінің кеншілері июнь айының 16 күні ішінде 12 мың тоннаға жуық көмір өндірді. Бұл айлық тапсырмадан біржарым еседей артық.

Июльде кеншілер барлық іске қосылған лаваларда «Донбасс» комбайнын мейгеруді, шахтаны көмірді жапшай комбайнмен қазатын кәсіпорнына айналдыруды ұйғарып отыр.



Азербайжан ССР, Сальян ауданының колхоздарға кірісті. Комбайндар егін даласына шықты. Ісыра бастады.

СУРЕТТЕ: Сальян ауданы колхоздарының жеңіс егіннің астығын апара жатқан кезі. Суретті түсірген Ф. Шевцов.

Кубань колхоздарын


КРАСНОДАР, 19 июнь. (СОТА). Бүгін Ново-Кубань ауданындағы «Ленинский путь» колхозының мүшелері бүкіл өлкенің егіншілерін егін жыйнауды қысқа мерзімде және ысрапсыз өткізу, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырды.

Колхоз астық жыйнаудағы негізгі процестердің барлығын механикаландырады. Егін жыйнауды 9—10 жұмыс күні ішінде

аяқтаулық арт жұмыс рек ете механикаларды б кіншілік Красн «Ленинск мақұлда колхозда

ЫЛЫК

аданбады. стивінің жү ердің бірі ртиялык ба інде болып кіштер мей тек осы жылдың бі сомға жуык тардың жол ш қалуы, жүру ұзақ тілері көп дастыру да ының бірін дың сменаға тер 30 рет келгендердің дің барлы тартия ұйы са да, олар дейін қол коқ. т, партия шыларымен, з байланыс деп басшылык басшылык ік көп кез міндетті стыру жү болатын. хов жол ешбір пай мысындағы депосының етары Ано нын нар ында сын



Ленин ауданындағы Молотов атындағы колхоз 1946 жылы 5 ұя бал арасын сатып әкелген болатын. Қазір мұнда 33 ұя бал арасы бар. Үстіміздегі жылы колхоз 6 центнер бал алғалы отыр.

СУРЕТТЕ: омарташы **Г. Тарасов** жолдастың бал арасы ұясын байқап тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Аудандық пионерлер лагері

Ленин ауылшаруашылық техникумы орналасқан жерде 20 июньде Ленин ауданы еңбекшілерінің балалары үшін пионерлер лагері ашылады. Екі маусым ішінде мұнда 150 бала дем алады.

Лагерь балаларды қабылдауға ойдағыдай дайындалды. Лагерь ұрандармен, плакаттармен безендірілген, физкультура алаңы жабдықталған.

Балалар бығыл лагерде мәдениетті, көңілді дем алумен бірге гербарийлер жыйнауға көп көңіл бөліп, оларды кәрнекі құрал ретінде пайдалану үшін мек-

Халықаралық шолу

БОНН ҚЫЛМЫСТЫҚ КЕЛІСІМІНЕ ҚАРСЫ

АҚШ-тың, Англияның және Францияның Боннда Аденәурдің кекшіл тобымен жасасқан сепараттық соғыс договорындай бүкіл дүние жүзінде орасан күшті наразылық туғызған басқа бір документті атап көрсету қыйын. Бұл договор Германияның екіге бөлінуін мәңгілік етіп қалдырады. Батыс Германияны соғыс плацдармына айналдырады, оның халқын жаңа соғыс өзiрлігіне қатыстырады. Батыс Германияның әртүрлі бағыттағы газеттері Бонндағы қылмыстық соғыс келісімін нақ осылайша бағалайды.

«Батыс Германияның халқы, — деп жазады «Касселер цейтунг» газеті, — жаңа договорларға («европалық армия» құру туралы Бонн және Париж договорлары —Я. М.) қол қойылуын хауіптенгендік сезіммен қарсы алды. Жалаулар ілу, шаттану және жеңілдікті сезу туралы тіпті сөз болуы мүмкін емес. Қосымша келісімдер мен мәлімдемелері бар түлкі құйрықты бұл екі договор заңға айналған күнде әрбір азаматтың өміріне күшті зардабын тигізеді. Жастар және байырғы жауынгерлер әскер киімін қайта киетін болады. Соғыс өнеркәсібі қайтадан іске қосылады». Батыс Германияның «Дер фортширйтт» газеті Бонн парламентінде бұл договорды қостап дауыс бергендердің аттарын жалпы халыққа білдіруді талап етті. «Егер апатқа жол бермеуге мүмкіндік болмаса, — деп жазады газет, — балаларымыз өздерін кімдердің мұндай апатқа ұшыратқанын білетін болсын».

Гермаң халқының басым көпшілігі қылмысты Бонн келісіміне күшті және ашулы наразылық білдіруде. Батыс Германияда Бонн келісіміне наразылық білдірген ереуілдер, митингтер, демонстрациялар өткізілуде. Рейн-Вестфалия ауданында ереуілдер мен демонстрацияларға 700 мың еңбекші қатысты.

мен халықтық демократия елдеріне дұшпандық жоспарларын жүзеге асыруды көздейді.

Норвегияның ССРО-мен шектес солтүстік аудандарында соғыс бекіністерін салу күшейтілуде.

Норвегияның аэродромдарына АҚШ соғыс-әуе күштерін орналастыру жоспарлары Норвегия халқын өте қатты хауіптендіреді. Американың «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің хабарына қарағанда, бұл жоспарлар кәзіргі уақытта — «Батыс Европаның солтүстік қанатын «қорғау» тұрғысынан қарағанда ең маңызды соғыс мәселесі» деп танылады. Басқа газеттердің айтуынша, АҚШ-тың Норвегия аэродромдарын американың соғыс-әуе күштерінің қарамағына беруді талап етуі Норвегия үкметі үшін «хауіпті және күрделі мәселе» болып отыр, өйткені бұл талап конституцияға, сол сияқты үкметтің: Норвегияда шетелдік әскерлердің орналасуына жол бермейміз деген уәделеріне қайшы келеді. Сыртқы істер министрі Ланге «Норвегияның үкметі жариялаған және парламентті таныған базалар саясатында ешқандай өзгеріс болған жоқ» дегенді айтып қысқаша, өте көмескі мәлімдеме жасаумен тоқталды. Алайда бұл мәлімдеме жұртшылықты тыныштандыра алмайды.

Ланге Норвегияның қандай «базалар саясатын» айтады?

ССРО үкметінің 1951 жылғы 15 октябрьде Норвегия үкметіне жолдаған нотасында көрсетілгеніндей, Атлантика одағының соғыс штабтары Норвегия жеріне кәзірдің өзінде орналасты, «Норвегия үкметі Солтүстік Атлантика одағы қарулы күштерінің статусы туралы келісімге қол қойды, ал бұл келісім бойынша шетелдік әскерлердің Норвегия жеріне орналасуына мүмкіндік беріледі».

Прогрессшіл баспасөздің көрсеткеніндей, Норвегияның өз жерін американың соғысқу-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 19 июнь. (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корея Халық армиясының бөлімдері кеше қытай халық еріктілері бөлімдерімен барлық майдандарда тығыз бірлесіп қыймыл жасай отырып, американың ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлердің атакаларын ойдағыдай тойтарып тастауда және оларды адам күші мен техника жағынан үлкен шығындарға ұшыратуда болғандығын хабарлады.

Батыс майданда Синхенли ауданында бірнеше күн бойына кескіліскен ұрыстар жүргізілді. Халықтық әскерлер артиллериядан оқ жаудырып, дұшпанның барлық атакаларын тойтарды және қарсы соққы жасау нәтижесінде топтасқан дұшпанды қоршауға алып, толық жойып жіберді. Бұл ұрыстарда екі күннің ішінде жаудың мыңнан аса солдаттары мен офицерлері өлтірілді, жараланды және қолға түсірілді.

Орталық майданда Чхольвонның солтүстік жақ ауданында американдық жетінші дивизияның батальоны және лисынманшыл тоғызыншы дивизияның ротасы бірнеше танктердің қолдауымен халықтық әскерлердің позицияларына алты рет сұрапыл атакалар жасады, бірақ, олар ұйымшылдықпен жасалған қарсыласу нәтижесінде шегіндіріліп тасталды. Дұшпан ұрыс даласында өлідей 120 адам, 12 далалық жабдық, 15 винтовка және 1 огнемет қалдырып шегінді.

Гымсен ауданында дұшпан екі ротаға жуық күшпен халықтық әскерлердің бекініс позицияларына шабуыл жасады, бірақ, шегіндіріліп тасталды. Дұшпан ұрыс даласында өлідей 65 адам қалдырды.

Шығыс майданда халықтық әскерлер артиллериядан оқ жаудыру нәтижесінде

Дала өріс адаларында мәдени-ағарту жұмыстарын өрістете түсейік

Көктемгі егіске әзірлік және оны өткізу күндерінде селолық клубтардың, мәдениет үйлерінің, оқу үйлері мен кітапханалардың қызметкерлері колхозшылар және МТС, совхоз жұмысшылары арасында мәдени-ағарту жұмыстарын өрістете жүргізді.

Көктемгі егіс кезінде мәдени-ағарту жұмыстары тікелей дала қостарында жүргізілді. Клубтар мен кітапхана қызметкерлері дала қостарын ұрандармен, плакаттармен, көсемдеріміздің суреттерімен безендіріп, көрсеткіш тақталар ұйымдастыруға көмектесті. Дала қостарында жауынгерлік листоктар, қабырға газеттері үнемі шығарылып, дауыстап газет, көркем әдебиет кітаптары, лекциялар оқылды, баяндамалар жасалды.

Көктемгі егіс жұмыстары кезінде мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері дала вагоншаларын көрнекі үгіт құралдарымен жабдықтау үшін 18 мыңнан астам ұран, 83 сурет көрмесін дайындады, 1750 жауынгерлік листок, 388 қабырға газетін шығарды. Ғылыми-жаратылыс және саяси тақырыптарда 358 лекция оқылып, 207 рет баяндама жасалды. Жылжымалы кинолар колхозшыларды киномен тыңдылықты қамтыды. Мәдениет үйлері мен селолық клубтар 75 мәдениет бригадасын ұйымдастырып, бұл бригадалар егіншілерге 375 рет концерт қойды. Сөйтіп, 12 мыңнан астам адамды қамтыды.

Колхоз бригадаларын мәдениетті қамтуда Полудень ауданындағы Сергеевка селолық кітапханасының меңгерушісі Романенко жолдастың өз міндетін жете түсінгендігін атап айту керек. Колхозшылар дала жұмыстарына шығар алдында Романенко жолдас олармен Николаеваның

«Егін орағы» деген кітабы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізді. Оған 150 адам қатысты.

Осы аудандағы Ганькин оқу үйінің меңгерушісі С. Дурдина жолдас та колхозшыларды мәдениетті қамту ісін ойдағыдай ұйымдастырды. Ол Чкалов және Ворошилов атындағы колхоздардың колхозшыларын күнбе-күнгі газет журналдармен қамтамасыз етіп, оларға кино көрсетілуін жиі ұйымдастырып отырды.

Мамлют ауданының көптеген мәдени-ағарту мекемелерінің мәдени-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастырудағы жұмыс тәжірибесі басқаларға үлгі бола алады. Селолық және аудандық лекторий мүшелері 120 рет лекциялар оқыды және баяндамалар жасады.

Облыстағы мәдени-ағарту мекемелерінің бүгін таңда алда тұрған міндеті көктемгі егіс кезінде жүргізілген мәдени-бұқаралық жұмыстардың бай тәжірибесін жемісін қорын дайындауда, пар және зияб жұртуда, егін орағында кеңінен пайдалану болып саналады. Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері егіннен мол өнім алу, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы колхозды ауыл-деревня еңбекшілерінің жаңа бастамаларын кеңінен таратып, үстіміздегі жылдың мемлекеттік жоспарларын орындау ісіне барлық колхозшыларды белсене қатыстыруда партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсетулері керек.

Алайда, мәдени-ағарту жұмыстарын іріленген колхоздың орталығында ғана ұйымдастырып, жеке бригадаларда жұмысты аз жүргізіп отырған мәдени-ағарту мекемелері жоқ емес. Мұндай фактілердің өзі ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелерінің колхоздардың алдында

тұрған саяси-шаруашылық міндеттерден қол үзіп кеткендігін сыпаттайды. Колхоз орталығынан алыс тұратын елді жерлерді және бригадаларды мәдениетті қамту ісіндегі бұл сыяқты кемшіліктер, әсіресе, Преснов және Октябрь аудандарының мәдени-ағарту мекемелерінде кездеседі.

Ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің алдында үстіміздегі жылы клуб және кітапханасы жоқ әрбір елді жерде, сол сыяқты, барлық дала бригадаларында, фермаларда және дала қостарында қызыл мүйіс ұйымдастыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындау үшін бригадалар мен дала қостарында мәдени-ағарту мекемелері активтерін іріктен алып, село жастары мен интеллигенцияны барлық дала бригадаларындағы, мал фермаларындағы колхозшылар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыруға қатыстыру қажет.

Селолық клубтар, оқу үйлері мен кітапханалар өздерінің айлық жұмыс жоспарында бригадалар мен фермаларда жүргізілетін жұмыстарды, оларға кітап жеткізуді, дауыстап газет оқуды, әңгімелер өткізуді, баяндамалар жасауды, кино көрсетуді, алдыңғы қатарлы тәжірибелерді кеңінен таратуды қарастырулары керек.

Бригадаларда мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу құрметті әрі жауапты іс. Бұл жұмыстың өрістетіле жүргізілуі партиямыз бен үкметіміздің, ұлы көсеміміз Сталин жолдастың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қойып отырған міндеттердің ойдағыдай орындалуына көмектеседі.

А. ОВЧИННИКОВ,

облыстық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі.

беретінін соңғы кездегі оқыйғалар көрсетіп отыр, өйткені соғыс өртің тұтандырушылардың қылмысты қаскүнемдігі бейбітшілік ісіне қандай зор хауіп туғызатынын халықтар түсінді.

АМЕРИКАН ИМПЕРИАЛИСТЕРІ НОРВЕГИЯНЫ СОҒЫС ПЛАЦДАРЫНА АЙНАЛДЫРУДА

Норвегияның жұмысшы партиясы деп аталатын партияның (үкмет партиясы) бас органы — «Арбейдербладет» газеті жақын арада Норвегия — Совет қарым-қатынасына арналған мақала жариялады. Мақалада: Норвегияның билеп-төстеуші топтары «Совет Одағымен тату тұруға, жақсы қарым-қатынас жасауға» ұмтылады деп үсті-үстіне уәде берілген.

Алайда соңғы кездегі фактілерге қарағанда, бұл екіжүзділік мәлімдемелер үкмет партиясының органына Норвегияның жаңа соғыс әзірліктерін бүркеу үшін «ерек болды деп ұйғаруға болады. Бұл шаралар «қорғанысты күшейту» ұранымен жүргізілуде, шынында бұл шаралар агрессиялық Атлантика одағының Совет Одағы

тың билеп-төстеушілері кеткен итаршыларын ташуғыл шаралар қолда

Американ және ағыл-тертер мұнша неге абыр-лияның «Дейли уоркер береді. Ол газеттің жмен Вашингтондағылар қырқыстың нәтижесінде Макартурмен бірге Ко бастаған Ли Сын Ман түгел ашылуынан хауі-дық топ ұрылардың, өлтіргіштердің бандасы империалистердің билеу-сінде, Оңтүстік Кореяда ди таймс» газетінің ай-тайдағы Чан Қай-ши күндеріне» ұқсайтын ж-шыын-американ империа-колшоппарларының қыр-де бұл фактінің бүкіл-дында әшкереленуінен :

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1952 жылдың екінші жартысын
жазылушылар қабылда

Газетке жазылу бағасы:

3 айға — 15 сом, 6 айға — 30 сом

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта бөл-нәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колхоз-совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілде-жазылуға болады.

Жарты жылға тұтас жазылыңыздар! Газетке үз-жазылу газеттің мезгілінде алынып тұруын қамтамасыз

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-38-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етіл